

Жәрдем-жинақ шотын жүргізу және тұрғын үй шараларына кредит беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 шілде 1994 ж. N 850. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісілген шарттарға сәйкес тұрғын үйге арналған жәрдем-жинақ шотының екі түрін:

- жаңа тұрғын үй саясатының мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұрғын үйді қаржыландыру және кредиттеу жөнінде жеңілдігі бар азаматтар санаттары үшін - тұрғын үйге арналған жәрдем-жинақ шотын қамтамасыз етсін.

Жеңілдік жасалған кредит Қазақстан Республикасының Үкіметі бөлетін қаражат есебінен жылына 5 процент ставка бойынша 30 жылға дейінгі мерзімге беріледі;

- басқа азаматтар үшін олардың тұрғын үйі бар екеніне қарамастан - тұрғын үйге арналған жинақталған жәрдем-жинақ шоты жүргізіледі ("Тұрғын үй жинақ шоты").

Осы шоттарға қаражат жинау және кредит беру Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі белгілейтін мөлшер мен мерзімде, сондай-ақ проценттік ставка бойынша жүргізіледі.

2. Тұрғын үй жағдайын жақсарту кезегінде 10 жыл және одан да көп уақыттан бері тұрған, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тегін үй алу кезегінен шыққысы келетін азаматтарға 1994-1995 жылдарға тұрғын үй салуға және сатып алуға бюджеттен қайтарылмайтын дотация мен жеңілдік жасалған кредит бөлу тәртібі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Былай деп белгіленсін:

бюджеттен қайтарылмайтын дотация мен жеңілдік жасалған кредит беру осы Тәртіпке және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісілген жеңілдік жасалған кредиті бар азаматтарға тұрғын үй салу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі беретін тәртіп туралы уақытша ережелерге сәйкес жүргізіледі;

бюджет қаражаты есебінен ішінара дотациясы бар жеңілдік жасалған кредит алуға мұқтаж азаматтар санатына:

жергілікті әкімшіліктер мен бюджеттік ұйымдарда тұрғын үй алу кезегінде 10 жыл және одан да көп уақыт тұрған, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тегін үй алу кезегінен шыққысы келетін азаматтар;

Қазақстан Республикасының Халықтық банкінде ашылған тұрғын үй салымына қаражат жинау шарттарын орындаған азаматтар кіргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі кредиттің есебін АҚШ долларының курсымен шығарсын. Ол үшін банкке берілген кредиттер мен қосылған проценттерді доллармен бағалап есептеуге рұқсат етілсін. Берілген жәрдем мен қосылған проценттер бойынша төлеуді заемшылар қаражат жарнасын төлейтін күнгі АҚШ долларының биржалық курсы бойынша теңгемен өтейді.

5. 1994-1995 жылдарға дотациялар мен жеңілдік жасалған кредиттердің мөлшерін анықтау үшін нормативтердің мынадай құрамы белгіленсін:

тұрғын үй алаңы Қазақстан Республикасының тұрғын үй кодексінде көзделген қолданылып жүрген әлеуметтік нормалар шегінде;

тұрғын үйдің әрбір шаршы метрінің құны Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі аймақтар бойынша белгілейтін әлеуметтік норма бойынша және арнайы бюллетеньдерде жарияланып тұратын норма бойынша.

6. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі және жергілікті әкімдер бәсекелестік орта жасау, жобалаушылар, құрылысшылар және құрылыс материалдарын шығарушылар арасында сауда өткізу, құрылыс өндірісі мен құрылыс материалдары өнеркәсібінің базасын тиімді де қымбат емес материалдар, конструкциялар, бұйымдар шығаруға және оларды тұрғын үй салу кезінде қолдануға бағдарлай отырып жаңғырту жолымен тұрғын үй қорын жасау және оның құнын арзандату жұмыстарын жүргізетін болсын.

Тұрғын үйді банк кредитін алған азаматтарға бірінші кезекте сату ісі ұйымдастырылсын.

7. "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы, Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары министрлігі тұрғын үй құрылысы жөнінде жарнама, түсіндіру материалдарын және басқа үгіт материалдарын беру ісін ұйымдастыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 29 шілдедегі

№ 850 қаулысымен

Бекітілген

Тұрғын үй жағдайын жақсарту кезегінде 10 жыл және одан да көп уақыттан бері тұрған, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тегін үй алу кезегінен шыққысы келетін азаматтарға 1994-1995 жылдарға тұрғын үй салуға және сатып алуға бюджеттен қайтарылмайтын дотация мен жеңілдік жасалған кредит бөлу

Тәртібі

1. Тегін пәтер алу кезегінде 10 жыл және одан да көп уақыт тұрған және банк кредитін пайдаланып жеке үй салғысы келетін немесе сатып алғысы келетін отбасыларға:

белгіленген әлеуметтік норма бойынша бюджеттен үй құнының 20 проценті мөлшерінде қайтарылмайтын дотация беріледі;

сатып алынатын үй құнының жетіспейтін бөлігі отбасылардың өздері жинаған қаражаты және оларға жылына 5 проценттен аспайтын ставка бойынша 30 жыл мерзімге дейін жеңілдік жасалған кредит беру есебінен толтырылады.

Заемшылардың мұндай санатына аудандық (қалалық) әкімшіліктер мен бюджет ұйымдарында тегін пәтер алу кезегінде тұрғандар жатады. Кезекте тұрғандардың бұл санатына жатқызу үшін азаматтарға жергілікті әкімшіліктер мен бюджет ұйымдарынан тегін пәтер алу кезегіне қойылған күні көрсетіліп, оны берген орган басшысының қолы қойылып, мөр басылып берілген анықтама қағаз негіз болып табылады.

2. Азаматтардың жеке үй сатып алуына бюджеттен қайтарылмайтын дотация мен банктің жеңілдік жасалған кредитін берудің мынадай тәртібі белгіленеді:

аудандық (қалалық) әкімшіліктер жанынан жергілікті әкімшіліктер, қаржы органдары және Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкінің мекемелері (немесе агент-банк) өкілдерінен комиссиялар құрылады, олар;

азаматтардың тегін мемлекеттік үй алу кезегінен шығатыны және банк кредитінің көмегімен үй салғысы немесе жекеменшігіне сатып алғысы келетіні туралы өтініштерін, сондай-ақ сатып алынатын үйдің белгіленген әлеуметтік норма бойынша мөлшері мен құнын анықтау үшін қажетті басқа да құжаттарды (отбасының құрамы, сатып алынатын үйдің түрі мен мөлшері, үй сататын жер учаскесін бөлу туралы және басқа құжаттарды) қарайды;

кезекте тұрғандардың әрқайсысының бюджеттен қайтарылмайтын дотация алу құқын, мөлшері мен алу кезегін дербес анықтайды. Бірінші кезекте бюджеттен дотацияны үйі жоқ азаматтар, сонан соң тұрған үйі қолданылып жүрген тұрғын үй заңының әлеуметтік нормасына сай келмейтін азаматтар алады

;

белгіленген тәртіппен азаматтардың үй салуға немесе сатып алуға берген кредитті өтей алмайтындығы мәселесін қарайды;

үй салатын немесе сатып алатын (дотация, өз қаражаты, кәсіпорын қаражаты мен банк кредиттері есебінен) қаржы көздерімен қамтамасыз ету жолдарын з е р т т е й д і ;

табыс деңгейі төмен (отбасылардың табысын қосқан кезде отбасының әрбір мүшесіне шаққанда 4 ең аз жалақы мөлшерінен кем болатын) азаматтарға тегін мемлекеттік тұрғын үй алу құқы сақталады. Бұл орайда олардың үй сатып алуына бюджеттен дотация мен банк кредиті бөлінбейді;

азаматтарды тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін бюджеттен дотация және банктен кредит алу тізіміне кіргізу туралы шешім қабылдайды және осы шешімдерді азаматтарға береді;

аудан (қала) бойынша бюджеттен дотация және жеңілдік жасалған кредиттер алатын азаматтардың тізімін Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкінің (немесе агент-банктің) қаржы органдары мен мекемелеріне беріп отырады.

Азаматтарды тегін Мемлекеттік тұрғын үй алушылар кезегінен шығару туралы мәселе олар тұрғын үйді салып бітіп, оны пайдалануға қабылдау немесе үйді (пәтерді) сатып алу-сату актісі негізінде тұрғын үйді сатып алу актісі ресімделгеннен кейін шешіледі.

3. Облыстық (қалалық) әкімшіліктер мен Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкінің (немесе агент-банк) мекемелері облыс (қала) бойынша бюджеттік дотациялар мен жеңілдік жасалған кредит алушылар кезегінде тұрған азаматтардың тізімін жасап, оны Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкісіне б е р е д і .

4. Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі облыстық (қалалық) әкімшіліктердің жиынтық тізімінің негізінде республика бойынша әрбір жылға азаматтарға тұрғын үй салу шараларына бюджеттен дотациялар және жеңілдік жасалған кредиттер беруге қажетті қаражат көлемін анықтап, алдағы жылға арналған бюджет жобасын жасау үшін белгіленген мерзімде республиканың қаржы министрлігіне өтініш жібереді.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үстіміздегі жылға бекітілген бюджетке сәйкес Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкіне 30-баптың 170-тарауы (мемлекеттік дотация) бойынша кредиттер ашу жолымен қаржыландыруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі бюджеттен түскен қаражатты бөлек бюджет шотында есепке алып отырады.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі облыстық әкімшіліктердің тізімі негізінде бюджеттен берілетін қайтарылмайтын

дотацияның сомасын бөліп, өз бөлімшелеріне (немесе агент-банктерге) бюджеттік тапсырмамен жеткізіп тұрады. Мұнымен бір мезгілде жеңілдік жасалған кредиттің көлемі хабарланады. Азаматтардың жәрдем-жинақ шоттарына бюджет қаражатын қосу бюджеттік шоттан төлемдік тапсырмалармен кезегі келуіне қарай және аудандық (қалалық) әкімшіліктер комиссияларының тізімінде белгіленген көлеміне қарай жүргізіледі.

Осы тізімге кірген азаматтардың бәрі бір жылда толық қамтамасыз етілмеген жағдайда жәрдем-жинақ шотына бюджеттік қаражатты есептеп қосу оның түсуіне қарай белгіленген кезек тәртібімен жүргізіледі.

7. Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бюджеттен мемлекеттік дотацияға берілген қаражаттың жұмсалуды жөнінде белгіленген нысанмен есеп беріп отырады.

8. Қайтарылмайтын дотация қаражаты тұрғын үй салуға немесе сатып алуға ғ а н а п а й д а л а н ы л а д ы .

Бұл қаражат жәрдем-жинақ шотынан қолма-қол ақша төлемей есеп айырысу чектерін, чек кітапшаларын беру және сомаларды сауда, құрылыс және басқа ұйымдардың шотына аудару жолымен немесе азаматтардың өтініші бойынша қолма-қол ақшамен қатаң түрде мақсатқа сай жұмсалатын етіп беріледі.

9. Қайтарылмайтын дотация қаржысының мақсатқа сай жұмсалуды бақылау Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкіне, сондай-ақ жергілікті жердегі Мемлекеттік қаржы бақылау органдарына және аудандық әкімшіліктерге ж ү к т е л е д і .

Кезек сақтаудың жай-күйі туралы дүдәмал деректер берілген жағдайда, қайтарылмайтын мемлекеттік дотациялар мен банк кредиттері жөнсіз алынған болса, аталған дотациялар мен кредиттер индекстеуді, айып салу санкцияларын қолдана отырып және жауапты адамдарды жауапқа тарту жолымен сот органдары арқылы заемшылардан мерзімінен бұрын өндіріліп алынады.

Бюджеттен алынған дотация мен банк кредиті мақсатқа сай жұмсалмаған жағдайда бұл қаражат индекстеуді және банк белгілеген айып салу санкцияларын қолдана отырып, ең алдымен жәрдем-жинақ шотындағы қаражаттың қалдығы есебінен өндіріліп алынуға тиісті, ал жетіспейтін сомасы, егер жәрдем алған заемшы оны өз еркімен қайтарып беруден бас тартатын болса, азаматтық сот шешімі жолымен өндіріліп алынады. Қаражатты мақсатқа сай жұмсамаған адамдар оны қайтадан алу құқынан айырылады.